

Қазақстан Республикасының Жоғары тәртіптілік кеңесі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 21 қазан N 3705.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1998.11.12. N 4143
Жарлығымен. ~U984143

Мемлекеттік тәртіпті нығайту, мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін арттыру, олардың билік пен қызмет бабын асыра пайдалануына жол бермеу, мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы ережелерін сақтауын қамтамасыз ету мақсатында және Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 20)-тармақшасына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган - Қазақстан Республикасының Жоғары тәртіптің кеңесі құрылсын.

2. Жоғары тәртіптік кеңестің негізгі міндеттері мыналар болып белгіленсін:

1) тәртіптік теріс қылыққа, соның ішінде билік пен қызмет бабын асыра пайдалануға, қызмет этикасы ережелерін бұзуға жол берген мемлекеттік органдардың басшы лауазымды адамдарын тәртіптік жауапкершілікке тарту жөнінде мемлекет басшысының қарауына ұсыныстар енгізу;

2) мемлекет басшысы үшін мемлекеттік тәртіпті нығайту, мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет туралы заң талаптары мен қызмет этикасы ережелерін сақтауын қамтамасыз ету жөнінде ұсынымдар мен ұсыныстарды талдап жасау;

3) мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының билікті немесе қызмет бабын асыра пайдалану фактілері туралы азаматтардың өтініш-арыздарын, бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламаларын қарау.

3. Былай деп белгіленсін:

1) Жоғары тәртіптік кеңестің құрамын Қазақстан Республикасының Президенті жасақтайды;

2) Жоғары тәртіптік кеңес Кеңестің төрағасы мен мүшелерінен құралады, олар: Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары Қазақстан жұртшылығының беделді өкілдері, лауазымы бойынша - Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Басшысы, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры мен Қазақстан Республикасының Әділет министрі, сондай-ақ өзге де лауазымды тұлғалар болып табылады.

4. Жоғары тәртіптік кеңестің төрағасы он күн мерзімде Мемлекет

басшысының қарауына аталған Кеңестің дербес құрамы жөнінде ұсыныстар енгізетін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Жоғары тәртіптік кеңесі туралы ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

6. Бір ай мерзімде:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің әкімшілігі Мемлекет басшысының қарауына Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілеріне тәртіптік жазалар қолдану тәртібі туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 20 желтоқсандағы N 3279 U963279_ Жарлығымен бекітілген ережені осы Жарлыққа сәйкес келтіру жөнінде ұсыныстар енгізісін;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі облыстардың, Ақмола және

Алматы қалаларының әкімдері жанындағы тәртіптік кеңестер туралы үлгі ережені әзірлеп, бекітетін болсын;

3) облыстардың, Ақмола және Алматы қалаларының әкімдері аталған әкімдер жанынан тәртіптік кеңестер құратын болсын.

7. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1997 жылғы 21 қазандағы
N 3705 Жарлығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Жоғары тәртіптілік
кеңесі туралы
ЕРЕЖЕ

Осы Ереже Қазақстан Республикасы Жоғары тәртіптің кеңесінің өкілеттігін, қызметінің ұйымдастырылуы мен тәртібін айқындайды.

1. Қазақстан Республикасының Жоғары тәртіптік кеңесі (бұдан былай - Кеңес) Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші

орган болып табылады.

2. Кеңес өз қызметінде заңдылық, объективтілік пен әділеттілік принциптерін басшылыққа алады.

3. Кеңестің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) мемлекет басшысына тәртіптік теріс қылықтарға, соның ішінде билік пен қызмет бабын асыра пайдалануға, қызмет этикасы ережелерін бұзуға жол берген мемлекеттік органдардың басшы лауазымды адамдарын тәртіптік жауапкершілікке тарту жөнінде мемлекет басшысының қарауына ұсыныстар енгізу;

2) Мемлекет басшысы үшін мемлекеттік тәртіпті нығайту, мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет туралы заң талаптары мен қызмет этикасы ережелерін сақтауын қамтамасыз ету жөнінде ұсынымдар мен ұсыныстарды талдап жасау;

3) мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының билікті немесе қызмет бабын асыра пайдалану фактілері туралы азаматтардың өтініш-арыздарын, бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламаларын қарау;

4) мемлекеттік тәртіпті нығайту және мемлекеттік қызметтің жұмыс істеуінің пәрменділігін арттыруға бағытталған заң және өзге де нормативтік-құқықтық актілер жобаларын даярлауға қатысу және қарау.

4. Кеңестің құрамын Қазақстан Республикасының Президенті жасақтайды, ол Кеңес төрағасы мен мүшелерінен құралады. Олар: Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, Қазақстан жұртшылығының беделді өкілдері, лауазымы бойынша - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің төрағасы, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры мен Қазақстан Республикасының Әділет министрі, сондай-ақ өзге де лауазымды адамдар болып табылады. <*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 1998.09.18. N 4073 жарлығымен. U984073_

5. Кеңес төрағасы:

1) Мемлекет басшысының қарауына Кеңестің дербес құрамы жөнінде ұсыныстар енгізеді;

2) Кеңес қызметіне басшылықты ұйымдастырып, жүзеге асырады;

3) Кеңес отырыстарының күн тәртібін белгілейді;

4) Кеңес отырыстарын шақырады және оларда төрағалық етеді, Кеңес төрағасы болмаған жағдайда оның уәкілдік беруі бойынша отырыстарда Кеңес мүшелерінің бірі төрағалық етеді;

5) Кеңес мүшелері арасынан Кеңес отырысында қаралатын нақты мәселе бойынша баяндамашыны белгілейді;

6) Кеңестің жұмысының қорытындылары туралы Мемлекет басшысының алдында ұдайы есеп беріп отырады;

7) Кеңестің Регламентін оның бекітуіне ұсынады;

8) Қазақстан Республикасы Президентінің актілері мен тапсырмаларында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

6. Кеңес отырыстары:

1) Кеңес мүшелері жалпы санының кемінде үштен екі бөлігі қатысқан жағдайда құқылы деп саналады;

2) қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде төрт рет өткізіледі;

3) ашық өткізіледі. Қажет болған жағдайда, егер мәселелерді қарау мемлекеттік құпияларға қатысты болған жағдайда Кеңес төрағасының шешімі бойынша жабық отырыстар өткізілуі мүмкін.

7. Отырысқа қатысып отырған кеңес мүшелері санының жай көпшілік дауысымен шешімдер қабылдайды. Дауыстар тең болған жағдайда төрағалық етушінің даусы шешуші болып табылады.

8. Кеңес өз құзыреті шегінде:

1) өз отырыстарында Мемлекет басшысына тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың басшыларын, орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшыларын тыңдап отыруға;

2) құқық қорғау және өзге де мемлекеттік атқарушы органдардан, ұйымдардан қажетті құжаттарды, материалдар мен ақпаратты сұратып алдыруға;

3) Мемлекет басшысына тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарға және жергілікті атқарушы органдарға орындалуы міндетті тапсырмалар беруге;

4) тиісті лауазымды адамдардан ауызша және жазбаша түсініктер талап етуге;

5) тиісті мемлекеттік органдар басшыларынан мемлекеттік қызметшілердің билікті немесе қызмет бабын теріс пайдалану, қызмет этикасы ережелерін бұзу фактілері бойынша тексерулер мен қызметтік тексерістер жүргізілуін талап етуге ;

6) тексерулерді, қызметтік тексерістерді өткізуге қатысу үшін беделді және кәсіби тұрғыда даярланған штаттан тыс инспекторлар ретінде жұртшылық өкілдерін тартуға;

7) облыстардың, Ақмола және Алматы қалалары әкімдері жанындағы тәртіптік кеңестердің қызметін үйлестіруге және бақылауға, олардың қызметі туралы есептерді тыңдауға хақылы.

9. Кеңес:

1) Мемлекет басшысына тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар басшыларына және олардың орынбасарларына, орталық атқарушы

органдар басшылары мен олардың орынбасарларына, облыстардың, Ақмола және Алматы қалаларының әкімдеріне және олардың орынбасарларына қатысты тәртіптік істерді;

2) облыстардың, Ақмола және Алматы қалаларының әкімдері жанындағы тәртіптік кеңестердің шешімдеріне жасалған шағымдарды қарайды.

10. Азаматтардың келіп түскен өтініштерін, бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламаларын қараудың қорытындылары бойынша Кеңес мүшелерінің тексеру жүргізуі туралы немесе оны өткізуді уәкілетті мемлекеттік органға немесе тексеру қорытындылары туралы Кеңес алдында міндетті есеп беріле отырып, лауазымды адамға тапсыру туралы шешім қабылдауы мүмкін.

11. Кеңестің қарауына қабылданған тәртіптік іс бір ай мерзімде қаралуға тиіс.

Кеңестің отырысында тәртіптік іс қаралғанға дейін іске қатысты жағдаяттар мен мәліметтерді алдын ала тексеру жүргізіледі, тәртіптік жауапкершілікке тартылатын адамнан жазбаша түсінік талап етіледі.

Тәртіптік істі қарау Кеңестің отырысында, әдетте, тәртіптік жауапкершілікке тартылатын адамның қатысуымен өткізіледі.

12. Тәртіптік істі қараудың қорытындылары бойынша Кеңес мынадай шешімдердің бірін шығаруы мүмкін:

1) Қазақстан Республикасының Президентіне тиісті тәртіптік жаза қолдануды ұсыну;

2) істің мән-жайы бойынша шешім қабылдау үшін тәртіптік іс материалдарын құзыретті мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның қарауына жіберу;

3) тәртіптік істі доғару.

13. Мемлекеттік қызметшінің іс-әрекеттерінде қылмыс белгілері болған жағдайда Кеңес осы қызметшіні заңда белгіленген тәртіппен қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы мәселені шешу үшін тиісті құжаттар мен материалдарды Республиканың Бас Прокурорына жолдайды.

14. Кеңес қызметінің тәртібі, соның ішінде тәртіптік істерді қарау тәртібі осы Ережемен бірге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметшілеріне тәртіптік жазалар қолдану тәртібі туралы ережемен және Кеңес Регламентімен айқындалады.

15. Кеңес қызметінің ақпараттық-талдау және ұйымдық қызметін қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшесі болып табылатын оның хатшылығы, ал материалдық-техникалық қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы жүзеге асырады.

